



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ  
**20**  
АСТАНА

ЕУРАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТІҢГІМДІК - ЕДАСЫНЫҢ БОРЫ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**F 96**

**F 96**

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 378**

**ББК 74.58**

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018

направленных на предотвращение экстремизма, модернизацию законодательства в религиозной сфере и реализацию Концепции госполитики в религиозной сфере.

#### **Список использованных источников**

1. «Около 500 казахстанцев воюют в Сирии и Ираке на стороне ИГИЛ». [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://today.kz/news/mir/2017-10-31/753466-okolo-500-kazahstantsev-voyyut-v-sirii-i-irake-na-storone-igil/>
2. Избайров А.К. Динамика развития религиозной ситуации в РК: особенности, угрозы и методология противодействия радикальным структурам. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://kazislam.kz/ru/islam-zhane-zaiyyrly-memleket/vnutrennie-kategorii/kazakhstan-svetskoe-gosudarstvo/item/406-eIslam>
3. Кастельс М. Могущество самобытности // Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология. – М.: Academia, 1999. – С. 296–308. – С.297.
4. Reid Syandish «Our Future Will Be Violent Extremism». [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://foreignpolicy.com/2017/08/01/central-asia-kazakhstan-eurasia-terrorism-extremism-isis-al-qaeda/>
5. Вильковски Д.Н. Арабо-исламские организации в современном Казахстане: внешнее влияние на исламское возрождение. Монография. – Астана-Алматы: ИМЭП при фонде Первого Президента, 2014. -192 с. + 12 стр.

УДК 63.321.96.(576)

#### **ТІЛ САЯСАТЫ- САЯСИ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН САЯСИ ҒЫЛЫМНЫҢ КАТЕГОРИЯСЫ РЕТИНДЕ**

**Елемес Еламан Қуатұлы**  
28012012\_eek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ «Саясаттану» мамандығының 4-курс студенті,  
Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Д.Е. Қөпекжанова

Адамзаттың барлық әлеуметтік-мәдени тарихы сияқты тілдердің де қарым-қатынастық иерархиясы басым көпшілігінде арнайы ұйымдастырылмаған түрде қалыптасқан. Ақпаратты өңдеу, сактау және алмасу процестерімен қатар тілдің негізгі міндепті ұрпақтар сабактастығын қамтасыз ету. Табиғи құбылыс ретінде қарастырылатын тіл адамға тиесілі және бағынышты болып табылады. Тілдік мәселелер мен онда болатын ішкі өзгерістерге деген қызығушылықтың артуы саясаттану, лингвистика және т.б. отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың басынан өткөріп жатқан өзгерулердің құрамдас бөлшегі екендігі анық. Тіл мен саясат өзара байланысты болып табылады, себебі, екеуі де адамзат қоғамының пайда болуы және дамуымен қатар өзгеріске ұшырайтын қоғамдық құбылыстар. Тарихқа зер салсақ, тіл бір уақытта саясатты жасайтын және оған бағынатын, саясатты жүзеге асыратын маңызды факторлардың бірі екенін көреміз. Саяси коммуникацияны толықтыра отырып, тіл- билік пен бедел үшін құрес, саяси PR мен тұлғаның пікірінен халықаралық саясатқа дейінгі саясаттың барлық деңгейлерін түсіндіретін саясаттың тиімді құралы қызметін қоса атқарады. Тіл мен саясаттың арасындағы өзара әрекеттестік әлеуметтік шартталған коммуникациялар шеңберінде жүзеге асады және оның негізгі 2 аспекті бар:

- 1) Тіл саясатқа қызмет етеді. Саясаттың негізгі құралы болғандықтан саяси қарым-қатынастар тілдік жүйеге негізделіп жасалады. Яғни, тіл белгілі бір саяси мақсаттарға жету жолында қоғамға әсер ететін саясаттың құралы;
- 2) Саясат тіл арқылы әрекет етіп қана қоймай, тілдің ішкі жүйелік байланыстары мен тілдің өзіне де ықпал етеді. Бұл процесс- тіл саясаты деп аталады.

Әлемдік ғылымда тілді зерттеуге деген бетбұрыс антропологиялық және этнолингвистік негізде XX ғасырдың ортасында жасалды. 1952 жылы «Орталық Батыстың әлеуметтік қоғамының» жиналысында (Midwest Sociological Society) Дж.О.Герцлер алғаш рет «тілдің әлеуметтануы» терминін қолданды. 1960 жылдардан бастап әлемдік ғылыми қауымдастықта тілдің бір қалыпта түрмайтындығы, оның сыртқы факторларға тәуелді екендігі мойындалып, тілді зерттейтін әлеуметтік лингвистика ғылымы пайда болды. Тілдің өзгергіштігі мен гомогенді болмауы, әрқашан даму үстінде болуы, өзара қарым-қатынасы мен әлеуметтік-шартты заңдылықта жалпы және жекелей қызмет етуі әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысанына айналды. Әлеуметтік лингвистика 2-ге бөлінеді:

1. **Синхронды** әлеуметтік лингвистика қоғам мен тілдің арасындағы қарым-қатынас пен процестерді зерттейді;
2. **Диасинхронды** әлеуметтік лингвистика тілдің тарихын халықтың тарихымен байланыста зерттейді.

Мемлекеттік тіл саясатын құрайтын практикалық шаралар мен мәселелерді қалыптастыруда әлеуметтік лингвистикалық ақпараттың маңызы ерекше. Тіл саясаты мемлекеттің ұлттық саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Тілдердің ара қатынасы коммуникативті функциялары мен қоғамның әр саласында қолданылуы бойынша ұлттық келісім, әлеуметтік тұрақтылық және саяси басқарудың механизмдерімен тығыз байланысты болғандықтан, тіл саясаты поліэтникалық және көптілді елдердің жағдайында көптеген факторларды ескерумен қатар икемділікті талап етеді. Тіл саясаты тіл дамуының факторларына қатысты және осы факторлардың барлығы әлеуметтік сипатқа ие, себебі тілдің өзі әлеуметтік құбылыс болып табылады. Тілге әсер ететін әлеуметтік факторларды төмендегідей бөліп көрсетеді:

1. **Эксталингвистикалық факторлар:** қоғамның дамуы және өмір суруімен байланысты болатын өндіріс, экономика, саясат, мәдениет, білім беру және т.с.с.салалардағы құбылыстар;
2. **Лингвистикалық факторлар:** фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлердің өзара ықпалдасу аймағы;
3. **Экстракұрылымды факторлар:** тілдік байланыстар аймағы мен тілдің функционалды қолданылу аймағы.

**В.Т.Клоковтың** айтуы бойынша: «Тіл саясаты ерекше эксталингвистикалық фактор болып табылады. Себебі, бір уақытта тілдің дамуының барлық қырлары аймақтағы тілдің әлеуметтік функцияларына, ішкі құрлымы (фонетика, лексика, морфология, синтаксис) мен кіші жүйелерінің стратификациясына ықпал ете алады» [1]. Тіл саясатын түсіндіруде **В.А.Аворинның** көзқарасы ерекше мәнге ие. Оның пікірінше: «Таптың, партияның немесе мемлекеттің тіл саясаты дегеніміз тілдің құрылымы мен функционалды қырларына әсер етуге бағытталған саналы, реттеуші іс-әрекеттер жүйесі». Зерттеуші объекті тілдің өзі емес, функционалды жағы болатын ұйымдасқан және мақсатты бағытталған тіл саясатының сипатын атап өтеді.

Мемлекеттің жалпы саясаты мен әлеуметтік топтардың идеологиясының тілге ықпалы орасан зор. Тіл саясатының онтайлы жүргізілуі көп жағдайда белгілі бір аймақта тіл саясатын жүргізу кезінде қалыптастан тілдік, этникалық, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени шарттарға тәуелді және оларға өз әсерін тигізеді. Дәлірек айтсақ, тіл саясаты белгілі бір аймақтағы әлеуметтік-лингвистикалық ахуалдың даму факторын ұсынады. Батыстық әлеуметтік лингвистика негіз ретінде Ю.Хабермас, Э.Гидденс, М.Фуко жұмыстарында айтылған ойларды алға тартады. Оларды биліктін тілді өз мұддесі үшін қалай пайдаланатыны қызықтырады. Тіл саясатының қоғамға әсерін анықтау үшін осы мәселені өзара бәсекелескен қоғамдық күштер мен билік түркісінан қарастыру керек. Тіл саясаты-тәуелсіз мемлекеттерді қалыптастыру мен нығайту кезеңінде маңыздылығы мен мәні артатын механизмдердің бірі. Идеология билікпен тікелей байланысты болғандықтан, көптеген мемлекеттерде тіл саясаты идеологияға тәуелді және қалыптастан биліктік

қатынастарды қолдау үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, тіл саясаты- тілді қолдану процестерінде басымдықта ие топтардың гегемониясын орнатуға көмектесетіні анық.

Әлеуметтік лингвистикадағы «тіл саясаты» мен «тілдік жоспарлау» терминдерінің арақатынасы	
Американдық көзқарас	Ресейлік көзқарас
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Американдық әлеуметтік лингвистикада «тіл саясаты» және «тілдік жоспарлау» терминдері синоним ретінде қолданылады.</li> <li>➤ Э.Хаугенің берген анықтамасы бойынша: «Тілдік жоспарлау дегеніміз ресми және бейресми сипатқа ие жеке тұлғалар немесе белгілі бір ұйымдар тарапынан тілге әсер етудің барлық формалары».</li> <li>➤ 1970 жылы алғаш рет Дж.Фишман «тіл саясаты» терминің американдық лингвистикада қолданды. Екі ғалымның берген анықтамалары мазмұны бойынша ұқсас.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Ресейлік лингвистикада «тіл саясаты» мен «тілдік жоспарлау» терминдерін <b>бөліп</b> қарастырады.</li> <li>➤ <b>В.Т.Клоков:</b> «Тілдік жоспарлау белгілі бір бағдарламаны жасау дегенді білдіреді. Тіл саясаты термині әлдеқайда кең мағынаға ие, себебі тіл мәселесіне қатысты бағдарламаны жоспарлауды ғана емес, оның жүзеге асуын да қамтиды»-дейді.</li> <li>➤ «Тілдік жоспарлау» терминіне синоним ретінде «<b>тілдік құрылым</b>» термині қолданылады. Оның негізгі мәні тілдің қызмет етуі мен мәртебесіне әсер етумен анықталады.</li> </ul>

### Кесте 1 Түсініктерді анықтаудағы ғалымдардың көзқарастары.

Дж.Неуступни бойынша: «тілдік жоспарлау тілдік мәселелерге қатысты жүйелі, теориялық базасы бар, рационалды және ұйымдастық қоғамның назарына байланысты».

Кеңестік алғашқы зерттеушілер А.Д. Швейцер мен Л.Б. Никольский бойынша: «Қолданыстағы лингвистикалық нормаларды сақтау немесе жаңаларын енгізу және қалыптасқан тілдік ахуалды сақтау мен өзгертуге бағытталған қоғамдық топпен, партиямен, таппен немесе мемлекетпен қабылданатын іс-шаралар жиынтығы- тіл саясаты болып табылады» [2].

Өзгеше көзқарасты ұстанатын В.И.Беликов пен Л.П.Крысин: «Тіл саясаты-«жергілікті» тілдердің қолданылу аясын шектеп, қоғамның барынша маңызды салаларында ресми тілдің мәртебесін, функцияларын және дара иелік құқығын қорғауға бағытталған мемлекеттің іс-шаралары»- дейді [3].

1986 жылы әлеуметтік лингвистика «глottосаясат» неологизмімен толықты. Терминнің авторлары Л.Геспэн мен Ж.Б.Марселлези ойынша: «Глottосаясат- ресми тіл мен ауызекі сөйлеу тілінің арасындағы қарама-қайшылықты жоюды және қоғам тарапынан жүргізілген тіл саясатының нәтижесі ретінде ауызекі сөйлеудегі жаргон, диалект сынды барлық фактілерді біріктіруді көздейді».

Қазіргі кезде тіл саясатының төмендегідей аспектілерін атап өтеді:

1. **Коммуникативті** аспект қоғамда ұлттар мен топтар арасындағы коммуникативті қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған;
2. **Саяси** аспект тіл саясатын тіл арқылы мемлекетті ұйымдастыруға, ұлттың біріктіруге, білім беру, мәдениет пен халықаралық қатынастарды дамытуға бағытталған мемлекеттің қамқорлығымен қатар қояды;
3. Тіл саясатының әлеуметтік аспекті тіл арқылы қоғамның әртүрлі таптары арасында қарым-қатынасты орнатумен және азаматтардың белсенділігін арттырумен байланысты;
4. **Идеологиялық** аспект белгілі бір идеологиялық мәселелерді шешуге бағытталады. Тіл арқылы БАҚ көмегімен идеологиялық көзқарастар халыққа ұсынылады.

Жоғарыда аталған аспектілердің бәрі өзара байланысты. Тіл саясатының жүзеге асырылуы таптық мұдделердің білдіретін мектеп, әскер, БАҚ, партиялар, кәсіподақтар, діни орындар сынды әлеуметтік институттарға да байланысты болып табылады.

**Батыстық** лингвистикада тіл саясатының **эндоглосты** және **экзоглосты** түрлерін ажыратады. **Р.Т.Белл** осы мәселенің шешілуі берілген коммуникативті міндепті автохтонды немесе басқа ұлттың тілі арқылы реттеуімен байланысты дейді. **В.Т.Клоковтың** айтуынша: «тіл саясатының осылай бөлінуі әсірсе отар болған елдер үшін ерекше маңызды. Себебі, тіл мәселесін реттеу өз тілі немесе метрополия тілі арқылы жүзеге асырылады». **Эндоглосты** тіл саясаты дегеніміз автохтонды ұлттың тіліне ресми және ұлттық тіл мәртебесінің берілуі. **Экзоглосты** тіл саясатында керісінше, ресми және ұлттық тіл мәрбесі отарлаушы елдің тіліне беріледі.

Халыктың мемлекеттік және халықаралық қызметтің қамтамасыз ететін тілге деген қажеттілік мемлекеттің этнолингвистикалық типіне, онда қалыптасқан тілдік ахуалға байланысты және **Дж.Фишман** ұсынған З түрлі нұсқада жүзеге асады [4]:

1) **Бұрынғы метрополияның** тілі ресми тіл болады. Қоғам жалпы ұлттық деңгейде әлеуметтік-мәдени ұйымдастырағандықпен ерекшеленеді және автохтонды тілдердің қолданылу аясы тарыла түседі;

2) **Автохтонды** тіл ресми тіл болады және метрополия тілі өтпелі кезеңде қоғамның барлық саласында қолданылады. Ұлттық бірегейліктің болуымен және элитаның ұлттық біртектілікті қүшетуге деген талпынысымен ерекшеленеді;

3) **Автохтонды** тіл қағаз жүзінде ғана ресми тіл мәртебесіне ие болып, ұлттық мәдениетті білдірудің құралы қызметтің атқарады. **Метрополия** тілінің қоғамның барлық саласына еніп, қүшетумен ерекшеленеді.

**А.Д.Швейцер** қызмет етуіне байланысты тіл саясатының **6** түрін бөліп көрсетеді [5]:

✓ **Ретроспективті** саясат тіл тасымалдаушысымен өзгеріске ұшырайтын бұрыннан қалыптасқан тілдік ахуал мен тілдік нормаларды сақтауға бағытталған тіл саясаты;

✓ **Перспективті** саясат тілдің ішкі құрылымындағы өзгерістерге басымдық береді. Дәлірек айтсақ, ескі тілдік нормалардың жойылуы, орфографиялық реформалар мен жаңа терминологияның пайда болуы перспективті саясаттың нәтижесі болып табылады;

✓ **Конструктивті** тіл саясаты жаңа әдеби тілдердің пайда болуына, тілдің қолданылу аясының кеңейіп, әлеуметтік-коммуникативті ролінің артуына және коммуникативті қызметтерінің кеңеюіне бағытталған саясат;

✓ **Деструктивті** саясат тілді аймақтық диалектілер мен жаргондардан тазартумен ерекшеленеді;

✓ **Орталықтандырылған** тіл саясаты дегеніміз жалпыға міндепті іс-шаралар жүйесін қарастырган, мемлекетпен жүргізілетін тіл саясаты;

✓ **Орталықтандырылмаған** саясат деп белгілі бір аймақтың көлемінде ғана жүргізілетін және басқа аймақтарда міндепті күші жоқ тіл саясатын айтамыз. Ғылыми қоғамдастықтар мен қоғамдық ұйымдардың жүргізетін тіл саясаты орталықтандырылмаған тіл саясаты болып табылады.

Тіл саясатының жоғарыда аталған түрлері жауапты шешімдерді талап ететін күрделі мәселелерді қамтиды және бірнеше кезеңдерден тұрады:

- Мақсат пеп міндептерді анықтау кезеңі;
- Аталған міндептерді орындауға дайындық кезеңі;
- Тіл саясатын жүзеге асыру кезеңі.

**Корыта айтқанда**, кез-келген тілдік жүйе қоғамда коммуникациялық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қызмет етіп, дамиды. Тілдің қоғамдық функцияларды орындаудының жалпы зандылықтарымен қоса ұлттық мәдениет, тілдің құрылымы, қоғам дамуының деңгейі сынды ерекшеліктермен шартталған спецификалық қырлары да бар. Тіл кез-келген ұлттың мәдениетінің маңызды элементі болып табылады. Сондықтан да белгілі бір елдің қоғамдық процестерін зерттеу кезінде міндепті түрде әлеуметтік лингвистикалық мәселелерді қарастыру қажет. **Тіл саясаты** – тілдің тағдырын белгілейтін мемлекеттік шаралар жүйесі.

Тіл саясаты - тілдік дамуға қоғамның саналы ықпал етуінің теориясы мен тәжірибесі, яғни, қолданыстағы тілдерді белгілі бір мақсатта және ғылыми негізде басқару және тілдік жаңа қарым-қатынас құралдарын жасау болып табылады [6, 559-бет]. Тіл саясаты күрделілігімен және көпқырлылығымен ерекшеленетіндіктен, саяси зерттеу нысаны мен саяси ғылымның категориясы ретіндегі маңыздылығы арта түседі. Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекетіміздің ұлттық саясатының ажырымас бөлігі. Бірқатар маңызды әлеуметтік-саяси факторлардың ықпалын ескерсек, мемлекеттік саясатың осы екі бағытын бөліп қарастыруға болмайтындығына көзіміз жетеді. Сондықтан, тіл мәселелерін қозғағанда оның салдары ұлтаралық қарым-қатынастарға кері әсерін тигізу мүмкіндігін естен шығармаған жөн.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Клоков В.Т. языковая политика во франкоязычных странах Африки. Саратов: Изд-во СГУ, 1992.130 с.
2. Швейцер А.Д., Никольский Л.Б. Введение в социолингвистику. М.: Высш.шк., 1978. 216 с.
3. Беликов В.И., Крысин Л.П. Социолингвистика // Российский государственный гуманитарный университет. М., 2001.315 с.
4. Гришаева Е.Б. Типология языковых политик и языкового планирования в полиглоссальном и мультикультурном пространстве: диссертация канд.филол.наук. Красноярск, 2007. 592 с.
5. Языковая политика: определение и характеристики. [Электрондық ресурс]. - Кірү тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/yazykovaya-politika-opredelenie-i-harakteristiki>
6. Саяси түсіндірме сөздік.-Алматы, 2007.-616 бет

УДК 63.321.96.(576)

### **ОПЫТ ЭКСПО-2017. ЭФФЕКТ ВНЕДРЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ В РЕГИОНАХ РК**

**Ергалым Диана Сержанкызы**

*ergalymd@gmail.com*

Студентка 3 курса специальности «Политология» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,

Астана, Казахстан

Научный руководитель - Р.А.Нуртазина

«ЭКСПО-2017 – это глобальный проект Главы нашего государства, который состоялся благодаря его личному участию и контролю. Девять лет назад, в 2008 году, Нурсултан Назарбаев в испанской Сарагосе впервые выдвинул идею о проведении всемирной выставки в Астане, которая была успешно воплощена в реальность в 2017 году.

9 июня Казахстан представил всему миру свое видение в области энергетики будущего, а также громко заявил о себе, как о стране в самом центре Евразии, которая за 26 лет своей Независимости достигла значительных успехов в развитии и теперь намерена войти и в 30-ку самых развитых государств мира.

Тема EXPO–2017 — «Энергия Будущего» — позволило привлечь лучшие мировые технологии энергосбережения, новые разработки и технологии использования существующих альтернативных энерго источников, таких как энергия солнца, ветра, морских, океанических и термальных вод.

Учитывая, что сегодня в мире разворачивается процесс перехода к новой модели глобального энергетического рынка, тема выставки являлась особенно актуальной.

«Состоявшаяся в Астане выставка «ЭКСПО-2017» показала, как стремительно движется прогресс в сфере альтернативной, «чистой» энергии» так отметил Глава государства в своем послании народу Казахстан [1].